

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының көктемгі семестрі

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (МӨЖ)	Кредиттер саны		Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОМӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)		
Ped 513 Жоғары мектеп педагогикасы	4	15	30	5	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ					
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы	
Күндізгі офлайн	теориялық, практикалық	Проблемалық, аналитикалық лекция	Тапсырмаларды орындау, ситуациялық тапсырма		
Дәріскер (лер)	Текесбаева Анар Молдақыновна – п.ғ.к., доцент				
e-mail:	tekesbaeva_anar@mail.ru				
Телефоны:	+7 708 549 98 20				
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ					
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*		ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
«Жоғары мектеп педагогикасы» пәні – жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасының жалпыға міндетті компоненттеріне кіреді. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білімалушыларына арналған. «Жоғары мектеп педагогикасы» жоғары оқу орнының білім беру үрдісіндегі болашақ маманның кәсіби-тұлғалық қалыптасуының заңдылықтарын, жоғары оқу орнының білім беру үдерісін, оның мақсатын, міндеттерін, қағидаларын, мазмұнын, әдіс-тәсілдері мен формаларын зерттейді.	1. Мағынасын анықтап, түсіндіріңіз. Жоғары мектеп педагогикасының нақты ұғымдар анықтамасын білу, терминдердің мағынасын түсіну; тұлғаның даму кезеңдері мен факторларын талдау; қазіргі заманғы жоғары мектеп педагогикасының теориясы туралы ғылыми білім беруді зерделеу; жоғары мектеп педагогикасының басқа ғылымдармен байланысын талдау.		1.1 Жоғары мектеп педагогикасының теориясы мен әдіснамасын түсінеді.		
			1.2 Жоғары мектеп педагогикасының қалыптасу кезеңдерін сипаттай біледі.		
			1.3 Жоғары мектеп педагогикасы туралы нормативтік-құқықтық базасын талдай алады.		
			1.4 Жоғары мектеп педагогикасы ғылымында тұлғаның функцияларын анықтай біледі.		
			1.5 Жоғары мектеп педагогикасының мен жоғары білім беру жүйесін ролін бағалай алады.		
	2. Қазіргі білім беру парадигмасы мәнмәтінінде педагогикалық ғылымның тұжырымдамалық ережелерін; білім ортасын зерттеу принциптері мен әдістерін; тұлғаның даму ерекшеліктері туралы жобалау бойынша ұсыныстар әзірлеу; жеке тұлғаның әлеуметтендіруі мен қалыптасуының мәнін түсіндіру; ЖОО педагогикалық және мамандыққа арналған білім беру бағдарламаларын зерделеу.		2.1 Жоғары мектеп педагогикасының мақсаты мен міндеттерін біледі		
			2.2 Тұлғаның педагогикалық үдерістегі орны мен ролін біліп: ұйымдастыра, жобалай, ынталандыра алады.		
			2.3 Жоғары мектеп педагогикасы туралы әдістемелік ұсынымдар әзірлейді.		
			2.4 Жоғары мектеп педагогикасы негізінде тұтас педагогикалық үдерісінде диагностика әдістерін қолданады.		
			2.5 Тұлғаны зерттеуге арналған тренингтерді талдай алады.		
	3. зерттеу мен оқыту әдістерінің кешенін қолдану; білім алушыларға мониторинг жүргізу және диагностикалау арқылы психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулер нәтижелерін жүйелей және қорытындылай алуды; жобалау және		3.1 Жоғары мектеп педагогикасы мен кредиттік оқу жүйесін талдауға және нәтижені арттыруға бағытталған білім беруді анықтайды және сипаттайды.		
			3.2 Тұлғаның жас ерекшелігі мен		

	инновациялық процестерді білім беру ұйымының, педагогтармен бірлесіп әзірлеу және білім бағдарламаларды іске асыру-педагогикалық сүйемелдеу.	моральдық-психологиялық табысқа ықпал ететін факторлар жүзеге асыру үшін инновациялық қызметтің ұйымдастыру мәселелерін талдайды.
		3.3 Білім алушының кәсіби дамуындағы психологиялық-педагогикалық үдерісті жоба-лайды.
		3.4 Жоғары мектеп педагогикасы негізінде инновациялық әдістерді тиімді қолданып, бағалайды.
	4. ЖМ дидактикасы, кәсіби коммуникацияның классикалық ережелерін және білім алушылардың психологиялық-педагогикалық қажеттіліктерін ескере отырып, оқу сабақтарын өз бетімен талдау; Оқылған тақырыптарға қорытындылар жасай алуы, бағалауы, өздерінің психологиялық ерекше-ліктерін әдістемелерімен зерттей отырып бағалай білуі; білім беру қызметін жобалау мен білім беру ортасын сараптамылық бағалауда, оқу-тәрбие қызметін әдістемелік қамтамасыз етуде заманауи инновациялық, ақпараттық-коммуникативтік әдістер мен технологияларды пайдалана білуі.	4.1 Жоғары мектеп педагогикасының міндеттері мен функцияларын анықтайды
		4.2 ЖОО педагогикалық ұжымында корпоративтік басқару мен әдістерін түсінеді
		4.3 ЖОО интерактивті және инновациялық әдістемесін таңдап және қолдана алады
		4.4 Жеке тұлға туралы психологиялық-педагогикалық мониторингті жүйелейді, жинақтайды.
		4.5 Жоғары мектеп педагогикасының қалыптасу барысындағы факторлар мәнін дәлелдей біледі
Пререквизиттер	Психология, педагогика	
Постреквизиттер	Педагогикалық практика	
Оқу ресурстары	Әдебиеттер Негізгі: 1. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) - Алматы: Қазақ университеті, 2006. 2. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. 3. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. Монография. – Алматы, 2017. – 160 с. 4. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective: оқулық /Д.Шунк; [ауд. Б.М. Мизамхан; жауапты ред. А.Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ. 2019. - 607 б. Қосымша: 5. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Алматы: ҚУ, 2014ж. 6. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚУ. 2016. 7. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: Учебное пособие. – Алматы, 2011. Ғаламтор ресурстары: 1. https://open.kaznu.kz/courses/course-v1:kaznu+Ped_kz+2021/about 2. https://ppt-online.org/253324 3. https://melimde.com/jofari-mektep-pedagogikasin-teoriyaliedisnamali-negizderi.html 4. https://dokumen.pub/9786010413504.html 5. https://library.tou.edu.kz/fulltext/buuk/b2983.pdf 6. Дуйсенбаев А.К. Педагогика. Оқулық. Видео контент. https://www.youtube.com/playlist?list=PLuIJ1MwpBCEfMEtfp3HW_qrcKed65wQDi	

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі. Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. •Мүмкіндігі шектеулі студенттерге 87014403860 телефон, pedsheberlik@mail.ru е-пошта бойынша кеңес пен көмек ала алады.
--	--

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы		
B	3,0	80-84		Формативті және жиынтық бағалау	
B-	2,67	75-79		% мәндегі баллдар	
				Дәрістердегі белсенділік	

C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	30
C	2,0	65-69	Қанағатта нарлық Қанағатта нарлықсы з	Өзіндік жұмысы	30
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	
D+	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54		ЖИЫНТЫҒЫ	100
FX	0.5	25-49			
F	0	0-24			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл***
Модуль 1. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері			
1	Д 1. Жоғары мектеп педагогикасы ғылым және оқу пәні ретінде, оның негізгі категориялары	1	-
	СС 1. Қазіргі әлемдегі жоғары білімнің даму тенденциясы. Инфографика.	2	
2	Д 2. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы. Білім берудің қазіргі парадигмалары	1	
	СС 2. Қазақстандағы жоғары білім берудің даму тарихы.Хронологиялық кесте.	2	15
	ОМӨЖ 1. Кеңес беру МӨЖ 1.		
3	Д 3. Жоғары мектеп педагогикасындағы зерттеу әдістері	1	
	СС 3. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім берудің қазіргі жағдайы. Постер	2	15
4	Д 4. Білім беру жүйесіндегі университет	1	
	СС 4. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби- педагогикалық мәдениеті. Fishbone әдісі	2	10
	МӨЖ 1. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығына талдау.		15
5	Д 5. Оқытудың кредиттік технологиясы	1	
	СС 5. Педагогикалық шығармашылықтың ерекшеліктері. Педагогикалық бедел мен имидж. Case әдісі.	2	10
	ОМӨЖ 2. Кеңес беру МӨЖ 2.		
Модуль 2. Жоғары мектеп дидактикасының теориялық негіздері			
6	Д 6. Дидактика: оқытудың теориялық негіздері	1	
	СС 6. Педагогикалық жобалау. Білім беру мазмұнын жобалау. Микросессия.	2	10
	МӨЖ 2. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар бойынша 10 ұсыныс беру. Өз мамандығыңыздың тұрғысынан жас маманға ұсынылатын өзіндік 10 кеңес әзірлеу.		15
7	Д 7. Жоғары мектептегі оқытудың ұстанымдары мен заңдылықтары	1	
	СС. 7. ЖОО-да оқу мотивациясы. ТАСК – анализ	2	10
	ОМӨЖ 3. Кеңес беру МӨЖ 3.		
1-Аралық бақылау			100
8	Д 8. Жоғары мектептегі оқытудың әдістері мен формалары	1	
	СС 8. Жоғары мектептегі интербелсенді әдістер. INSERT әдісі	2	8
9	Д 9. Оқу сапасын диагностикалау: мониторинг, бақылау, тексеру, бағалау	1	
	СС 9. Білім алушылардың білім, білік, дағдыларын тексеру. Мастер-класс	2	8
	ОМӨЖ 4. Кеңес беру МӨЖ 3.		
10	Д 10. Оқытудың педагогикалық технологиялары	1	
	СС 10. Педагогикалық технологиялар классификациясы/ SWOT талдау. Бір технология негізінде микросабак.	2	8
	МӨЖ 3. Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын кіріктіру негізінде ғылыми мақала жариялау және қорғау.		21
Модуль 3. Жоғары мектептің тәрбие жұмысы мен ғылыми әрекеті			
11	Д 11. ЖОО-ғы тәрбие жүйесі	1	
	СС 11. Топ эдвайзері және оның негізгі қызметі. Іскерлік ойын	2	8
	ОМӨЖ 5. Кеңес беру МӨЖ 4.		
12	Д 12. Тәрбие процесінің ерекшеліктері, заңдылықтары, ережелері, қағидалары	1	
	СС 12. Кредиттік технология негізінде жоғары мектепте тәрбие процесін ұйымдастыру. Анықтамалық құру	2	8
	ОМӨЖ 6. Кеңес беру МӨЖ 4.		
13	Д 13. Жоғары мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары	1	
	СС 13. Тәрбие жұмысының бағыттары. Микротәрбие сағаты	2	8
	МӨЖ 4. Абай Құнанбаевтің қара сөздеріндегі педагогикалық идеялар. Талдау		15
	Д 14.. Жоғары мектептің ғылыми әрекетінің теориясы	1	

14	СС 14. Студенттердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру. Микрокурс	2	8
15	Д 15. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы	1	
	СС 15. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаудың жаңа тәсілдері. Микрожоба.	2	8
2-Аралық бақылау			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

МӨЖ 1. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығына талдау. 15 балл

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 12-15 балл	«Жақсы» % макс. салмағы 9-11 балл	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 5-8 балл	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 1-4 балл
М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын білу	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын толық айтады. Барлық бөлімдерді атайды.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын ішінара біледі. Бөлімдерді ішінара атайды.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын айтуға қиналады. Бөлімдері туралы түсінігі бар.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығымен таныс. Мазмұнын айта алмайды, бөлімдерін білмейді.
М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнына талдау.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын талдайды. Әр бөлімнің мазмұнын айтып береді.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын ішінара талдайды. Әр бөлімнің мазмұнын ішінара айтып береді.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнын талдауға қиналады. Әр бөлімнің мазмұнын үстірт талдайды.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының мазмұнына талдау жасай алмайды. Әр бөлімнің атауын атайды.
М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы бойынша өзіндік ой қорытынды мен ұсыныстар	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының маңызын түсінеді, өзіндік ой қорытынды шығарады, ұсыныстар айтады.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының маңызын түсінеді, өзіндік ой қорытынды шығарады, ұсыныстар беруге қиналады.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының маңызын түсінеді, өзіндік ой қорытынды шығаруға қиналады, ұсыныстар айта алмайды.	М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығының маңызын ішінара түсінеді, өзіндік ой қорытынды мен ұсыныстар айта алмайды.

МӨЖ 2. ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар бойынша 10 ұсыныс беру. Өз мамандығыңыздың тұрғысынан жас маманға ұсынылатын өзіндік 10 кеңес әзірлеу. 15 балл

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 12-15 балл	«Жақсы» % макс. салмағы 9-11 балл	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 5-8 балл	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 1-4 балл
ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар бойынша ұсыныс	ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын толық біледі, құзіреттілікке қойылатын талаптарды саналы түрде түсінеді, құзіреттілікке қойылатын	ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын біледі, құзіреттілікке қойылатын талаптарды ішінара түсінеді, құзіреттілікке қойылатын талаптар бойынша ұсыныстар атайды	ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын жақсы білмейді, құзіреттілікке қойылатын талаптар бойынша ішінара ұсыныстар айта алады.	ЖОО оқытушысының кәсіби құзыреттілігінің мазмұнын білмейді, құзіреттілікке қойылатын талаптар бойынша ұсыныстар айтуға қиналады.

	талаптар бойынша ұсыныстар айта алады.			
Жас маманға ұсыныс	Өз мамандығының мәні мен маңызын түсінеді, жас маманға <i>мазмұнды</i> ұсыныстар айтады.	Өз мамандығының мәні мен маңызын түсінеді, жас маманға ұсыныстар бере алады.	Өз мамандығының мәні мен маңызын толық түсіне алмайды, жас маманға ішінара ұсыныстар айтады.	Өз мамандығының мәні мен маңызын түсінбейді, жас маманға мазмұнды ұсыныстар беруге қиналады

МӨЖ 3. Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын кіріктіру негізінде ғылыми мақала жариялау және қорғау. 21 балл

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 17-21 балл	«Жақсы» % макс. салмағы 10-16 балл	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 4-9 балл	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 1-3 балл
Курс мазмұны мен зерттеу тақырыбын кіріктіру бойынша мақала жариялау	Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын жоғары деңгейде байланыстырып, ортақ мәселені айқындап, кіріктіре алған	Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын байланыстырып, мәселені шешуде жеке қарастырған	Мақала жарияланған, жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын байланыстыра алмаған	Мақала курс мазмұнына сәйкес келмейді
Жоғары мектеп педагогикасы мазмұны мен зерттеу тақырыбын кіріктіру бойынша мақала жариялау және қорғау	Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұнын жоғары деңгейде байланыстырып, ортақ мәселені айқындап, кіріктірілген маәаланы жариялап, оны дәлелдемелермен қорғайды	Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұны негізінде мақала жарық көрген оны қорғау барысында қиналады	Жоғары мектеп педагогикасы мен зерттеу жұмысының мазмұны негізінде мақала жарық көрген оны қорғай алмайды	Мақала курс мазмұнына сәйкес келмейді

МӨЖ 4. Абай Құнанбаевтің қара сөздеріндегі педагогикалық идеялар. Талдау 15 балл

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 12-15 балл	«Жақсы» % макс. салмағы 9-11 балл	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 5-8 балл	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 1-4 балл
Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын білу	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын толық айтады.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын ішінара біледі.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын айтуға қиналады.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерімен таныс. Мазмұнын айта алмайды.
Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнына талдау.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын талдайды. Ондағы педагогикалық ойларды саралай	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын ішінара талдайды. Ондағы педагогикалық ойларды ішінара	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнын талдауға қиналады. Әрбір қара сөзінің мазмұнын үстірт талдайды.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің мазмұнына талдау жасай алмайды.

	алады.	саралай алады.		
Абай Құнанбаевтің қара сөздері бойынша өзіндік ой қорытынды мен ұсыныстар	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің маңызын түсінеді, ондағы педагогикалық идеяларды таба біледі, өзіндік ой қорытынды шығарады, ұсыныстар айтады.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің маңызын түсінеді, ондағы педагогикалық идеяларды таба біледі, өзіндік ой қорытынды шығарады, ұсыныстар айтуға қиналады.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің маңызын түсінеді, ондағы педагогикалық идеяларды таба біледі, өзіндік ой қорытынды шығаруға қиналады, ұсыныстар бере алмайды.	Абай Құнанбаевтің қара сөздерінің маңызын түсінеді, ондағы педагогикалық идеяларды айта алмайды, өзіндік ой қорытынды мен ұсыныстар айта алмайды.

Декан _____ **Б.Б.Мейірбаев**

Кафедра меңгерушісі _____ **Н.С. Әлқожаева**

Дәріскер _____ **А.М.Текесбаева**

